

**Алматы қаласы ҚДСБ
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
бақылау кеңесінің шешімімен
2022ж. желтоқсанындағы
№ 4 шешімімен бекітілген**

**Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
сыбайлас жемқорлыққа күресу бойынша саясаты**

Алматы қ., 2022 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (ары қарай – Саясат) Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК (ары қарай – «№17 ҚЕ») Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әкімшілік және қылмыстық заңнамасына сәйкес әзірленген.

2. Саясат сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларды белгілейтін және №17 ҚЕ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған негізгі ішкі құжат болып табылады.

3. Осы Саясаттың ережелері №17 ҚЕ барлық құрылымдық бөлімшелерінің орындауы және сақтауы үшін міндетті болып табылады.

2. НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

4. Осы саясатта қолданылған негізгі түсініктер:

1) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің қызметтік (лауазымды) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі не алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы, делдалдардың өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар беруі, сондай-ақ жеңілдіктер мен артықшылықтар беру арқылы осы тұлғаларды сатып алу;

2) **мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл жағдайда осы адамдардың жеке мүдделері орындалмауға әкеп соғуы мүмкін және (немесе) өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындалмауы мүмкін;

3) **сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылығы** – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген заңсыз кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңда және №17 ҚЕ GP сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарында белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

6) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** – № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қызметкерлер үшін белгіленген тәртіп ережелері.

7) **мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген тұлға** - квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлға, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті не іріктеуге жауапты тұлға және мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаржыландырылатын жобаларды іске асыру;

8) **басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға** – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша №17 ҚЕ ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға;

9) **әкімшілік-шаруашылық функциялар** – Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы;

10) **ұйымдасушылық-өкімдік функциялар** – Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қызметте бағыныстылар орындауға міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар шығару, сонымен қатар бағынысты тұлғаларға көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану құқығы.

3. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5. Осы Саясаттың мақсаты №17 ҚЕ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

6. Осы Саясаттың негізгі міндеттері болып табылады:

1) №17 ҚЕ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысаны мен көрінісінен бас тарту туралы біркелкі түсінік құру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыруға, ұжымда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және жоюға №17 ҚЕ лауазымды тұлғаларын тарту;

3) № 17 ҚЕ қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысының алдын алуға көмектесетін басқару мен шешім қабылдаудың ашық жүйесін құру.

4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

7. №17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл келесі қағидалар негізінде жүзеге асырылады:

1) заңдылық;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдылығы;

3) басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да шараларды кешенді пайдалану;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

8. №17 ҚЕ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары, сондай-ақ осы Саясаттың ережелері туралы ақпараттандыруды қоса алғанда, барлық қызметкерлерді оқытуды жүргізеді. №17 ҚЕ барлық қызметкерлері өз жұмысында осы Саясатты басшылыққа алып, оның қағидастары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар талаптарын қатаң сақтауға тиіс.

9. №17 ҚЕ өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдайды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді:

1) есеп беруді, есептілікті және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) мүдделер қақтығысының алдын алу («Мүдделер қақтығысын анықтау және басқару саясаты» тарауын қараңыз);

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау;

5) қызметкерлерге мүдделер қақтығысының мәселелері бойынша жүгінген жағдайда қолдау көрсету (әр қабаттағы орталық лифттің оң жағында орналасқан плакаттарда комплаенс-офицердің телефоны көрсетілген, сондай-ақ шақыру жәшігі бар, бірінші қабатта, еңбекке жарамсыздық кабинетінің жанында);

6) №17 ҚЕ іскерлік беделіне теріс әсер етуі мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қасақана бұзатын ұйымдармен іскерлік қатынастардың туындауын болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдау.

- 7) басқа ұйымдарда орын алған құқық бұзушылықтарды талдау, бағалау, мұндай құқық бұзушылықтардың №17 ҚЕ немесе жаңа нысандарда көрініс табу мүмкіндігін болжау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарларды, бағдарламалар мен стратегияларды әзірлеу және іске асыру;
- 8) 18 айда бір реттен кем емес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асыру, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылданады;
- 9) семинарлар мен лекциялар арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік пен үздіксіз білім беру жүйесін енгізу;
- 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілерін хабарлау үшін кері байланыс тетігін енгізу;
- 11) барлық қабылданған қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар немесе жоқтығын тексеру;
- 12) нұсқама жүргізу барысында комплаенс қызметкерінің №17 ҚЕ жұмысқа қабылдау кезінде осы Саясаттың мазмұнын қызметкерлердің назарына жеткізу.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫ

10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

10.1. Әкімшілік жауапкершілік Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің баптарында көзделген:

676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

677-бап. Мемлекеттік қызметті орындауға өкілетті тұлғаның, немесе оған теңелген тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы алуы

678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақылар беруі

681-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа орналастыру

10.2. Қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіндегі келесі баптарда көзделген:

189-бап. Сеніп тапсырылған бөтен жанның мүлігін иемдену немесе жымқыру

190-бап. Алаяқтық

218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату)

234-бап. Экономикалық контрабанда

249-бап. Рейдерлік

361-бап. Қызметтік лауазымын асыра пайдалану

362-бап. Билігін немесе лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдалану

364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау

366-бап. Пара алу

367-бап. Пара беру

368-бап. Пара алудағы өзара әрекетке қатысу

369-бап. Қызметтік жалғандық

370-бап. Қызмет бойынша әрекет етпеу

450-бап. Билікті асыра пайдалану

451-бап. Биліктің асыра пайдаланылуы

452-бап. Биліктің әрекетсіздігі

11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат бергені үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 439-бабында жауапкершілік көзделген.